

Мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 27 ақпандағы № 84 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 наурызда № 14941 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 31 наурыздағы № 21 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 31.03.2026 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 107) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу жүргізу жөніндегі әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның баспа және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталонды бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономика министiрлiгiнiң Заң департаментiне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген iс-шаралардың орындалуы туралы мәлiметтердi ұсынуды қамтамасыз етсiн.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшiлiк ететiн Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрiне жүктелсiн.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнiнен бастап күнтiзбелiк жиырма бiр күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрi*

Т. Сүлейменов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрiнiң
2017 жылғы 27 ақпандағы № 84
бұйрығымен бекiтiлдi

Мемлекеттiк органдардың қызметiне салалық (ведомстволық) функционалдык шолулар жүргiзу жөнiндегi әдiстеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттiк органдардың қызметiне салалық (ведомстволық) функционалдык шолу жүргiзу жөнiндегi әдiстеме (бұдан әрi – Әдiстеме) Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 24 қыркүйектегi № 1011 қаулысымен бекiтiлген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлiгi туралы ереженiң 107-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзiрлендi.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрiнiң 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бұйрығымен.

2. Мыналар:

мемлекеттiк орган функцияларының оның мiндеттерi мен мақсаттарына сәйкестiгiн белгiлеу;

мемлекеттiк органның артық функцияларын анықтау;

мемлекеттiк органға тән емес функцияларды анықтау;

мемлекеттiк орган қызметiнде қайталануды болдырмау;

мемлекеттiк органның жетiспейтiн функцияларын айқындау;

мемлекеттiк органның алға қойған мiндеттерiн тиiмдi iске асыру үшiн оның штат санының оңтайлы лимитiн айқындау әдiстеменiң негiзгi мақсаттары болып табылады.

3. Осы Әдiстеде мынадай терминдер қолданылады:

1) бастамашы – мемлекеттiк органдардың функцияларын бәсекелес ортаға немесе өзiн-өзi реттейтiн ұйымдарға беру мақсатында қайта қарауға бастамашылық жасайтын мемлекеттiк органдар, мемлекеттiк жоспарлау

жөніндегі уәкілетті органдар, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

2) конкурстық негізде орындаушы – бәсекелес ортаның сыртқы субъектілері – бәсекелестік жағдайында халыққа қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар.

3) қолдаушы функциялар – ішкі әкімшілік-шаруашылық қызметті қамтамасыз етуге бағытталған функциялар, сондай-ақ мемлекеттік органның ішкі бақылау және бұқаралық ақпарат құралдары қызметтерінің функциялары;

4) мазмұны жағынан ұқсас функциялар – іс-қимылдарының мазмұндық жақындығы, тікелей нәтижелері, нысаналы топтары есебінен бір топқа біріктірілуі мүмкін функциялар;

5) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу жүргізуге жауапты орталық атқарушы орган;

6) нысаналы топ – функцияның тікелей нәтижесін алушы;

7) өзін-өзі реттейтін ұйымдарға функциялар беру (бұдан әрі – функцияларды беру) – экономикалық қызметтің немесе мамандықтың нақты түрінің қызметін реттейтін мемлекеттік функцияларды мемлекеттік органдардан өзін-өзі реттейтін ұйымдарға толығымен беру;

8) салалық функциялар – мемлекеттік органның мемлекеттік басқарудың тиісті аясында (саласында) мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған функциялары;

9) тән емес функция – мемлекеттік органның қызметіне тән емес және бәсекелес ортаға, өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беруге немесе алып тастауға жататын мына белгілердің біреуіне сәйкес келетін:

артық болып табылатын (мемлекеттік органның әкімшілік-басқарушылық процесінен алып тастау жұмыс сапасының төмендеуіне немесе мемлекеттік қызметті көрсетуге әкеп соқпайды);

қолдаушы болып табылатын;

негізгі болып табылатын, бірақ бұл ретте мемлекеттік реттеу шегінен шығатын, сондай-ақ осындай функцияны енгізу нәтижелері мен мақсаттары тиімсіз (рұқсат беру немесе хабардар ету тәртібі, мемлекеттік бақылау) функция;

10) тұрақты функциялар – мемлекеттік органдар өзінің бүкіл қызметі барысында жүзеге асыратын функциялар, яғни олар белгілі бір дәрежедегі міндеттерді шешуге бағытталған, әрдайым мемлекет алдында тұратын функциялар;

11) уақытша функциялар – қысқа мерзімді сипаттағы және белгілі бір міндет шешілгеннен кейін қолданысын тоқтататын функциялар;

12) функционалдык шолу – мемлекеттік органдардың функциялары мен штат санын оларды оңтайландыру тұрғысынан талдау құралы;

13) функцияларды аутсорсингілеу – мемлекеттік функциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік органдың функцияларын келісім шарт жасау арқылы бәсекелес ортаға беру;

14) функцияларды беру – стратегиялық, бақылау және қадағалау функцияларын қоспағанда, мемлекетке тән емес функцияларды мемлекеттік органдардан бәсекелес ортаға беру;

15) функцияларды процестік топтастыру – жеке алғанда толыққанды емес және бірыңғай іс-қимылдың дәйекті операцияларын білдіретін функциялардың топтарын іріктеу;

16) функцияларды семантикалық топтастыру – жеке алғанда толыққанды емес және бір тікелей нәтиженің кіші түрлерін қамтитын функциялардың топтарын іріктеу;

17) функцияларды синтаксистік талдау – зерттеліп отырған мемлекеттік орган функцияларының қолданыстағы (зерттеліп отырған мемлекеттік орган жұмыскерлеріне пікіртерім жүргізу барысында заңнамалық актілерде және зерттеліп отырған мемлекеттік орган, оның ведомстволары, аумақтық органдары туралы ережелерде қамтылған) тұжырымдарын мемлекеттік функцияны бірыңғай тұжырымдау стандартына сәйкестендіру;

18) функцияның тікелей нәтижесі – мемлекеттік органның функциясын іске асырудың тікелей нәтижесі;

19) хронометраждық жұмыстар – жедел жұмыстың жүйелі түрде қайталатын элементтері, сондай-ақ дайындау-қорытындылау жұмыстарының немесе жұмыс орнына қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың элементтері зерделенетін бақылаулардың түрі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 20.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Тән емес функцияларды анықтау, қайталанатын функцияларды жою, мемлекеттік органның міндеттеріне, мақсаттарына сәйкес жаңа функцияларды бекіту, сондай-ақ тән емес функцияларды бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру арқылы әрбір нақты мемлекеттік органда функциялардың оңтайлы көлемін қалыптастыру және жекелеген аяларда (салаларда) да, мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлерінде де мемлекеттің рөлін белгілеу қамтамасыз етіледі.

5. Мемлекеттік функциялардың оңтайлы жиынтығын қалыптастырудың негізгі құралы мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдык шолулар жүргізу болып табылады.

6. Осы Әдістемеде мемлекеттік орган қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу (бұдан әрі - функционалдық шолу) жүргізудің кешенді алгоритмі, сондай-ақ функционалдық жүктемесіне байланысты және тиісті арнайы өлшемшарттарды ескере отырып, мемлекеттік органдардың оңтайлы штат санының есебі берілген.

7. Функционалдық шолудың негізін сараптамалық бағалау әдісі құрайды, бұл ретте, қорытынды шешім алқалы түрде қабылданады.

8. Мемлекеттік органдар қызметінің функционалдық шолуы осы Әдістемеге 1 -қосымшаға сәйкес ұсынылып отырған схема бойынша сегіз кезеңнен тұрады.

9. Мемлекеттік органдардың функционалдық шолуы мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының тапсырмасы бойынша;

2) мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған кезде;

3) мемлекеттік органдар арасында өкілеттіктер мен құзыреттерді қайта бөлу кезінде;

4) мемлекеттік органның штат санын ұлғайту туралы және функцияларды бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру бойынша сұрау салуы кезінде;

5) мемлекеттік органның бірінші басшысының қолдаухаты бойынша;

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 20.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Әдістеме Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарының жұмыста басшылыққа алуына арналған.

11. Әдістеме негізінде функционалдық шолу жүргізу Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі шеңберінде мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.03.2021 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Функционалдық шолу жүргізуге дайындық (1-кезең)

12. Функционалдық шолу жүргізуге дайындық мынадай кезеңдерді: функционалдық шолу жүргізу үшін жұмыс тобын құруды;

тәуелсіз салалық сарапшының хронометражды жұмыстарды жүргізуге қатысуы;

мемлекеттік басқарудың тиісті аясындағы (саласындағы) мемлекеттік реттеудің қолданыстағы құрылымын айқындауды;

функционалдық шолу жүргізу үшін ақпарат жинауды және тексеріліп отырған мемлекеттік орган қызметкерлеріне пікіртерім жүргізуді қамтиды.

3-тарау. Функционалдық шолу жүргізу үшін жұмыс тобын құру

13. Функционалдық шолу жүргізу үшін жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Әдістемені басшылыққа алады.

14. Жұмыс тобы қызметінің мақсаты мемлекеттік орган функцияларының оның міндеттері мен мақсаттарына сәйкестігін анықтауға, мемлекеттік органға тән емес функцияларды анықтауға, мемлекеттік орган қызметінде қайталануды болдырмауға, мемлекеттік органның жетіспейтін функцияларын айқындауға, мемлекеттік органның алға қойған міндеттерін тиімді іске асыру үшін оның штат санының оңтайлы лимитін айқындауға бағытталған ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

15. Жұмыс тобының жұмысын үйлестіруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

16. Жұмыс тобының отырыстары қажеттігіне қарай өткізіледі.

17. Жұмыс тобының міндеті функционалды шолу қорытындысы бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

18. Жұмыс тобының құрамы бірінші басшының немесе оны ауыстыратын тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

19. Жұмыс тобының құрамына:

1) орталық мемлекеттік органдар үшін:

уәкілетті органның өкілін;

аппарат басшысын не оны алмастыратын адамды, мемлекеттік орган басшысының орынбасарын, құрылымдық бөлімшенің басшысын/басшы орынбасарын, басқарма басшысын;

тәуелсіз салалық сарапшыларды (хронометраждық жұмыстар жүргізу үшін);

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерін, кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет субъектілерін қосу ұсынылады;

2) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары үшін:

уәкілетті органның өкілін;

облыс, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары әкімінің орынбасарын, қала, аудан әкімін және олардың орынбасарларын, жергілікті атқарушы органдардың басқарушы буынының жұмыскерлерін (Басқармалардың басшысын және басшының орынбасарын), аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін;

тәуелсіз салалық сарапшыларды (хронометраждық жұмыстар жүргізу үшін); тиісті облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Қазақстан Республикасы өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдерін, кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет субъектілерін қосу ұсынылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.03.2021 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. 5-сатыда мемлекеттік органдар функцияларының аражігін ажырату шеңберінде жұмыс тобының құрамына осы Әдістеменің 19-тармағына сәйкес өзге мемлекеттік органдардың жұмыскерлері де кіреді.

21. Жұмыс тобының бірінші отырысында функционалдық шолу жүргізу үшін жұмыс тобын құру мен жұмыс тобының төрағасын тағайындау осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес схема бойынша белгіленеді.

22. Функционалдық шолуды ұйымдастыруға, жүргізуге және оның нәтижелерін айқындауға байланысты шешімдер Жұмыс тобының отырыстарында дауыс беру әдісімен қабылданады.

4-тарау. Тәуелсіз салалық сарапшының хронометраждық жұмыстар жүргізуге қатысуы

23. Хронометраждық жұмыстарды жүргізу үшін мемлекеттік органда тәуелсіз салалық сарапшы тартылуы мүмкін. Тәуелсіз салалық сарапшы мәліметтерінің нысаны және хронометраждық жұмыстарды жүргізетін тәуелсіз салалық сарапшыға арналған біліктілік талаптары осы Әдістемеге 3-қосымшаға нысанына сәйкес толтырылады.

Хронометраждың мақсаттары уақыт нормасын белгілеу және еңбек жөніндегі нормативтерді әзірлеу үшін деректерді алу; еңбек әдістері мен озық тәсілдерін зерделеу және енгізу; қолданыстағы нормалардың сапасын тексеру; жекелеген қызметкерлердің нормаларды орындамау себептерін анықтау.

24. Тәуелсіз салалық сарапшы жұмысты жоспарлау, мониторингтеу және бақылау, іскерлік келіссөздер жүргізу, қабылданатын шешімдердің салдарын талдау және болжамдау, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау

жұмысын ұйымдастыру, нормативтік құқықтық актілерді практикада қолдану, қорытынды құжаттар әзірлеу, қызметтік құжаттармен жұмыс істеу, компьютерді және басқа ұйымдастыру техникасын білу дағдыларын басшылыққа алады.

25. Хронометраждық жұмыстарды жүргізу үшін салалық тәуелсіз сарапшыларды іріктеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүргізіледі.

5-тарау. Мемлекеттік басқарудың тиісті аясындағы (саласындағы) мемлекеттік реттеудің қолданыстағы құрылымын айқындау

26. Мемлекеттік органның мемлекеттік басқарудың тиісті аясын (саласын) реттеудегі рөлін білдіру және мемлекеттік органдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын зерделеу мақсатында Жұмыс тобы мемлекеттік басқарудың тиісті аясындағы (саласындағы) мемлекеттік реттеудің қолданыстағы құрылымын (жалпы схемасын) айқындайды (бұдан әрі - қолданыстағы мемлекеттік реттеу құрылымы).

27. Мемлекеттік реттеудің жалпы схемасында мемлекеттік басқарудың тиісті аясындағы (саласындағы) мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің;
- 2) орталық мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық органдарының;
- 3) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының;
- 4) аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің негізгі функциялары көрсетіледі.

28. Егер мемлекеттік орган функцияларды мемлекеттік басқарудың бірнеше аясында (саласында) іске асырған жағдайда, мемлекеттік реттеудің жалпы схемасы мемлекеттік басқарудың әрбір аясы (саласы) үшін бөлек жасалады.

Мемлекеттік басқарудың тиісті аясында (саласында) мемлекеттік реттеудің қолданыстағы құрылымын айқындау схемасы осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес схема бойынша ұсынылған.

6-тарау. Функционалдық шолу жүргізу үшін ақпарат жинау және зерделеніп отырған мемлекеттік орган қызметкерлеріне пікіртерім жүргізу (2-саты)

29. Мемлекеттік басқарудың тиісті аясында (саласында) функционалдық шолу жүргізу шеңберінде талдауға жататын ақпарат жинау осы Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес схема бойынша мыналарды:

1) мемлекеттік органның қызметін регламенттейтін заңнамалық актілердің тізбесін;

2) мемлекеттік органның, оның ведомстволары мен аумақтық органдарының ережелерін;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын (болған жағдайда) және оның іске асырылуы туралы есепті, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары;

4) мемлекеттік органның өткен жылдағы бағалау нәтижелерін;

5) сыртқы көздерден алынған ақпаратты;

6) мемлекеттік орган қызметкерлеріне жүргізілген пікіртерім нәтижелерін қамтиды.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Сыртқы көздерден алынған ақпарат функционалдық шолу жүргізу үшін маңызды ақпарат болып табылады және мемлекеттік органның міндеттерін іске асыру туралы статистикалық деректерді, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау және бағдарламалық құжаттардың іске асырылу нәтижелерін, шетелдік жұмыс тәжірибесін, отандық салалық сарапшылардың зерттеулерін, мемлекеттік басқарудың тиісті аясындағы (саласындағы) мемлекеттік реттеу мәселелері жөніндегі халықаралық ұйымдардың есептерін қамтуы мүмкін.

31. Сыртқы көздерден алынған ақпарат мемлекеттік органның міндеттерін тиімді іске асыру үшін тиісті функцияның қажеттігін айқындау үшін, мемлекеттік органның және мемлекеттік емес құрылымның тиісті мемлекеттік функцияны іске асыру тиімділігін салыстыру үшін, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың тиісті аясындағы (саласындағы) мемлекеттік реттеуге салыстырмалы талдау жүргізу немесе шет мемлекеттерде жекелеген функцияларды іске асыру үшін негіз болып табылады.

32. Пікіртерімге қатысушылар:

1) орталық мемлекеттік органдар үшін:

құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мемлекеттік органның орталық аппараты мен ведомстволарының басқарма басшылары, бас сарапшылары мен сарапшылары;

мемлекеттік органның аумақтық органдарының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, немесе басшыларының орынбасарлары, бөлімшенің басшылары;

2) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), ауылдың, ауылдық округтің жергілікті атқарушы органдары үшін:

облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), ауылдың, ауылдық округтің жергілікті атқарушы органдарының басшылары, басшыларының орынбасарлары;

облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), ауылдың, ауылдық округтің атқарушы органының бас/жетекші мамандары болып табылады.

33. Функционалдық шолу жүргізу шеңберінде талдауға жататын пікіртерім жөніндегі ақпаратты мемлекеттік органның басшысы айқындаған құрылымдық бөлімше басшысымен толтырады және одан әрі талқылау және шешімдер қабылдау үшін Жұмыс тобына ұсынылады.

34. Егер мемлекеттік орган өз функцияларын мемлекеттік басқарудың бірнеше аясында (саласында) іске асырған жағдайда, пікіртерім мемлекеттік басқарудың әрбір аясы (саласы) бойынша жеке жүргізіледі. Пікіртерімнің зерттеліп отырған мемлекеттік орган жұмыскерлеріне арналған сауалнама нысаны осы Әдістемеге 6-қосымшада келтірілген.

35. Пікіртерімнің нәтижелері бойынша жұмыс тобы жиынтық кестені осы Әдістемеге 7-қосымшаға нысанына сәйкес қалыптастырады.

36. Жұмыс тобы осы Әдістемеге 8-қосымшаға нысанына сәйкес зерттеліп отырған мемлекеттік орган функцияларының толық тізбесін қалыптастырады.

37. Мемлекеттік орган жұмыскерлеріне жүргізілген пікіртерім нәтижелерін сараптау негізінде Жұмыс тобы:

1) талап етілмеген (мемлекеттік органның міндеттерін іске асыруға және мақсаттарына қол жеткізуге бағытталмаған), мемлекеттік орган іс жүзінде іске асырмайтын функцияларды нормативтік құқықтық актілерден алып тастау;

2) мемлекеттік органға қолданыстағы заңнамада көзделмеген, бірақ талап етілетін функцияларды беру;

3) мемлекеттік органға тән емес және тиімсіз іске асырылатын функцияларды бәсекелес ортаға беру;

4) мемлекеттік органның құрылымын өзгерту;

5) штат санының лимитін өзгерту;

б) мемлекеттік органның функцияларын беру бойынша ұсыныстар қалыптастырады.

7-тарау. Зерттеліп отырған мемлекеттік органның функциялары мен мемлекеттік органдардың даму жоспарлары, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының сәйкестігін талдау (3-саты).

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Функциялардың мемлекеттік органның ережесінің (бұдан әрі - Ереже) міндеттеріне сәйкестігін талдау мынадай кезеңдерді:

1) ереженің міндеттерін, іске асырылуы/қалыптастырылуы үшін функциялар жоқ (мемлекеттік органдардың даму жоспарлары мен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың дамыту жоспарларын мақсаттарын қалыптастыру үшін қосымша функцияларды бекіту қажеттігін айқындау) мемлекеттік органдардың даму жоспарлары мен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың дамыту жоспарларын мақсаттарын айқындау;

2) ереженің міндеттерін іске асыруға және мемлекеттік органдардың даму жоспарлары мен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың дамыту жоспарларын мақсаттарын қалыптастыруға тартылмаған функцияларды айқындау кезеңдерін қамтиды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Ереженің міндеттерімен функциялардың және мемлекеттік органдардың жоспарлары мен жергілікті атқарушы органдардың өңірлерді дамыту бағдарламаларының мақсаттарымен өзара іс-қимылына талдау жүргізу кезінде Жұмыс тобы мынадай анықтамаларға:

мемлекеттік органның міндеттеріне – мемлекеттік орган қызметінің негізгі бағыттарына (нысанасына);

функцияның тікелей нәтижесіне – мемлекеттік органның функцияларын іске асырудың тікелей нәтижесіне негізделеді.

Мысалы:

облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің функциясы ("Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-9) тармақшасы): энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды тиісті аумақты дамыту бағдарламасына енгізуді қамтамасыз етеді, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында келісімдерді жасасады, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ақпараттық қызметті жүзеге асырады;

жергілікті атқарушы органдардың өңірлерді дамыту бағдарламасының мақсаты: "Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық саласындағы кәсіпорындарының жаңа технологиялар мен жаңартылатын ресурстарды қолдануын ұлғайту";

нысаналы индикатор:

"Қала халқының бір адамға шаққандағы бір күнге суды пайдалануын 2005 жылғы 220-240 литрден 2030 жылға қарай 50%-ға қысқарту";

"2030 жылға қарай энергия өндіру үшін ағынды сулардың 30%-ын қолдану".

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Мемлекеттік орган ережесінің міндеттерін, қызметінің мақсаттары мен түпкілікті нәтижелерін іріктеп алу үшін Жұмыс тобы ережені, тиісті кезеңге арналған мемлекеттік органдардың даму жоспарлары және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың дамыту жоспарларын зерделеу негізінде зерттеліп отырған мемлекеттік орган Ережесінің міндеттері мен мемлекеттік органдардың даму жоспарлары және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың дамыту жоспарларын мақсаттарының тізбесі осы Әдістемеге 9-қосымшаға нысанына сәйкес нысаналы индикаторлары бар міндеттер мен мақсаттар тізбесін қалыптастырады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Мемлекеттік орган функцияларының тікелей нәтижелерін айқындау үшін Жұмыс тобы қайта пысықталған функциялар тізбесі базасында Зерттеліп отырған мемлекеттік органның тікелей нәтижелерімен бірге функцияларының тізбесі осы Әдістемеге 10-қосымшаға нысанына сәйкес функцияларды іске асырудың тікелей нәтижелерін жеке көрсете отырып (бөліп көрсете отырып) мемлекеттік орган функцияларының тізбесін қалыптастырады.

42. Мемлекеттік органдардың функцияларының сәйкестігін талдау мемлекеттік органның функциялары мен оның мемлекеттік органдардың даму жоспарлары және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарының сәйкестігін талдау осы Әдістемеге 11-қосымшаға нысанына сәйкес схема бойынша оның ережесінде, жергілікті атқарушы органдардың өңірлерді дамыту бағдарламаларында айқындалған функциялардың тікелей нәтижелерінің тиісті кезеңге сараптамалық арақатынасына негізделеді.

Мемлекеттік орган функцияларының тікелей нәтижелері мен оның қызметінің нысаналы индикаторларының сараптамалық арақатынасы зерттеліп отырған мемлекеттік органның функциялары мен мемлекеттік органдардың даму жоспарлары және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарының сәйкестігі осы Әдістемеге 12-қосымшаға нысанына сәйкес ресімделеді.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Мемлекеттік органдардың алға қойылған барлық мақсаттары мен ережелерінің міндеттерін тиімді іске асыру үшін Жұмыс тобы осы сатының қорытындысы бойынша:

Ереженің міндеттерін және мемлекеттік органдардың даму жоспарлары мен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарын толығымен қамтамасыз ететін функциялардың оңтайлы жиынтығын талдайды және бұл ретте мемлекеттік органның ресурстарын оларға қол жеткізуге барынша шоғырландырады;

міндеттер мен функциялар жиынтығымен үйлесетін оңтайлы ұйымдастырушылық құрылымды талдайды.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Мемлекеттік органдардың функцияларының, мемлекеттік органдардың даму жоспарларының мақсаттары мен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының сәйкестігін сараптамалық талдау негізінде Жұмыс тобы:

1) мемлекеттік органдардың мемлекеттік органдардың даму жоспарларының және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарын қалыптастыру үшін қажетті функциялар ретінде мемлекеттік органның құзыретіне енгізуге ұсынылатын жаңа функциялар тізбесі;

2) мемлекеттік органдардың мемлекеттік органдардың даму жоспарларының және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарын қалыптастыруға тартылмаған функциялар ретінде мемлекеттік органның құзыретінен алып тастауға ұсынылатын функциялар тізбесі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-тарау. Функцияларды синтаксистік талдау негізінде зерттеліп отырған мемлекеттік орган функцияларының қайта қаралған тізбесін дайындау (4-саты)

45. Функциялардың толық тізбесі негізінде келтірілген осы Әдістемеге 8-қосымшаға нысанына сәйкес Жұмыс тобы тексеріліп отырылған мемлекеттік орган функцияларының тұжырымдарын оңтайландыру және мазмұны жағынан толықтыру мақсатында 55 және 56-тармақтарға сәйкес мемлекеттік органның функцияларына синтаксистік талдау жүргізеді.

46. Функциялардың синтаксистік талдауы мемлекеттік орган функцияларының қолданыстағы тұжырымдарын мемлекеттік функцияны тұжырымдаудың бірыңғай стандартына сәйкес келтіруді білдіреді.

47. Мемлекеттік органның функцияларын Жұмыс тобы мынадай екі нұсқаға сәйкес тұжырымдайды:

1) "іс-қимылы + тікелей нәтижесі + тікелей нәтиже алушы"

Мысалы:

"Лицензиаттардың лицензиялық шарттарды сақтауын бақылауды жүзеге асыру";

Іс-қимылы - бақылауды жүзеге асыру;

Тікелей нәтижесі - шарттарды сақтау;

Тікелей нәтиже алушы - лицензиат.

2) "іс-қимылы + тікелей нәтижесі + қолданылу саласы"

Мысалы:

"Бұқаралық коммуникациялар саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру".

Іс-қимылы - бақылауды жүзеге асыру;

Тікелей нәтижесі - заңнаманың сақталуы;

Қолданылу саласы - бұқаралық коммуникациялар саласы.

48. Функцияны тұжырымдау нұсқасын таңдау тікелей нәтиже алушыны бірыңғай айқындау мүмкіндігін ескере отырып жүзеге асырылады.

49. Тікелей нәтиже алушыны айқындау мүмкін болмайтын (функцияны іске асырудың тікелей нәтижесін алушы қалың жұртшылық болып табылады) функциялар осы Әдістеменің 47-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тұжырымдалады.

50. Функцияларды мемлекеттік функцияны тұжырымдаудың бірыңғай стандартына сәйкес келтіру мынадай талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) функция шеңберіндегі іс-қимыл етістіктен жасалатын зат есіммен көрсетіледі;

2) функцияны тұжырымдауда бір тікелей нәтижесі бар бір іс-қимылға жол беріледі;

3) функцияны іске асырудың тікелей нәтижесі функцияны іске асыру процесінде немесе функцияны іске асырғаннан кейін тікелей алынған нәтиже ретінде көрсетіледі;

4) функцияны іске асырудың тікелей нәтижесін алушы функцияны іске асыру шеңберінде мемлекеттік орган іс-қимылының контрагенті ретінде айқындалады (ерекше жағдайларда мемлекеттік органның өзі де тікелей нәтижені алушы болуы мүмкін).

51. Мемлекеттік органның функцияларын синтаксистік талдау:

1) мемлекеттік органның функцияларын оның мақсаттары мен міндеттерінен бөліп қарау алгоритміне негізделеді.

Жұмыс тобы мемлекеттік орган функцияларының мағыналық мәніне олардың функциялар санатына тиесілілігі тұрғысынан талдау жүргізеді.

Функциялардың барлық қолданыстағы тұжырымдарына талдау жүргізу кезінде, егер функция тұжырымына сәйкес оны іске асыру процесінде алынатын нәтиже мемлекеттік орган қызметінің түпкілікті нәтижесі ретінде айқындалатын болса, функция мемлекеттік органның мақсаты немесе міндеті деп танылады.

Мысалы:

функцияның қолданыстағы тұжырымы:

"Азаматтардың өз құзыреті саласындағы конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету";

мемлекеттік орган қызметінің түпкілікті нәтижесі:

"азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау";

2) мемлекеттік органның функцияларын функцияларды семантикалық және процестік топтастырулар шеңберінде өзгерту алгоритміне негізделеді.

52. Мемлекеттік органның функцияларын оның мақсаттары мен міндеттерінен бөліп қарауды ескере отырып мемлекеттік органның функциялары екі негізгі топқа іріктеуден өтеді:

1) функцияларды семантикалық топтастыру;

Семантикалық топтастыруға енгізілген мемлекеттік орган функцияларының әрбір тобы (жұбы) бастапқы функциялардың тікелей нәтижелерінің кіші түрлерін біріктіретін жиынтық түріндегі (жалпы) тікелей нәтижені тұжырымдай отырып бір түпкілікті функцияға өзгертуге жатады.

Мысалы:

№ 1 функцияның қолданыстағы тұжырымы:

"Өз құзыреті шегінде реттелетін саладағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді";

№ 2 функцияның қолданыстағы тұжырымы:

"Белгіленген тәртіппен реттелетін саладағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлейді";

Осылайша, функцияны тұжырымдау мынадай редакцияда:

"Өз құзыреті шегінде реттелетін саладағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге" деп өзгертілген;

2) функцияларды процестік топтастыру.

Функциялардың процестік топтастырылуына енгізілген мемлекеттік орган функцияларының әрбір тобы (жұбы) бастапқы функциялардың кезеңдік (жекелеген) іс-қимылдарын біріктіретін толық (нәтиже беретін) іс-қимылды тұжырымдай отырып бір түпкілікті функцияға өзгертуге жатады.

Мысалы:

№1 функцияның қолданыстағы тұжырымы:

"Респонденттерден бастапқы статистикалық деректерді өтеусіз негізде алу";

№2 функцияның қолданыстағы тұжырымы:

"Респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді бұрмалауы анықталған кезде респонденттерден бастапқы статистикалық деректерді қамтитын статистикалық нысандарға түзетулер енгізуді талап ету".

функцияның өзгертілген тұжырымы:

"Статистикалық ақпаратты шығару үшін респонденттерден дұрыс бастапқы статистикалық деректерді өтеусіз негізде алу"

Іс-қимылы - Өтеусіз негізде алу

Тікелей нәтижені алушы - респонденттерден дұрыс статистикалық деректерді алушы;

Тікелей нәтижесі - статистикалық ақпарат шығару үшін

3) мемлекеттік органның семантикалық және процестік топтастыруға енгізілмеген функцияларын мемлекеттік функцияны тұжырымдаудың бірыңғай стандартына сәйкес келтіру.

53. Семантикалық және процестік топтастыруға енгізілмеген функциялар осы Әдістеменің 55 және 56-тармақтарының талаптарына сәйкес өзгертіледі.

54. Өзгертілген функциялардың жалпы тізімі негізінде Жұмыс тобы зерттеліп отырған мемлекеттік органның функцияларының қайта қаралған тізбесі осы Әдістемеге 13-қосымшаға нысанына сәйкес мемлекеттік орган функцияларының қайта қаралған тізбесін қалыптастырады.

55. Функциялардың қайта қаралған тізбесі негізінде функцияларды синтаксистік талдау негізінде мемлекеттік орган функцияларның қайта қаралған тізбесін дайындау осы Әдістемеге 14-қосымшаға сәйкес схема бойынша:

синтаксистік талдау барысында функциялары оның мақсаттары мен міндеттеріне жатқызылған мемлекеттік органның құзыретін пысықтау (сәйкестікке келтіру);

заңнамалық актілерде және мемлекеттік орган туралы ережелерде аталған мемлекеттік органның функцияларын синтаксистік талдау барысында алынған функциялардың тұжырымдарын регламенттеу бойынша ұсыныстар қалыптастырылады.

9-тарау. Мемлекеттік органдар функцияларының аражігін ажырату (5-саты)

56. Мемлекеттік органдар функцияларының аражігін ажырату шеңберіндегі талдау:

1) мемлекеттік органдардың мазмұны жағынан ұқсас функцияларын іріктеу және олардың түрін айқындау;

2) мемлекеттік органдардың қайталанатын функцияларының аражігін ажырату;

3) мемлекеттік органдардың ұштасқан функцияларының аражігін ажырату (сатылас және деңгейлес функциялар);

4) мемлекеттік органдардың аражігін ажыратуға ұсынылған функцияларының тізбесін қалыптастыру кезеңдерін қамтиды.

10-тарау. Мемлекеттік органдардың мазмұны жағынан ұқсас функцияларын іріктеу және олардың түрін айқындау

57. Басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп іске асырылатын функцияларды анықтау бойынша мемлекеттік орган жұмыскерлеріне жүргізілген пікіртерін нәтижелерін талдау және мемлекеттік басқарудың тиісті аясындағы (саласындағы) мемлекеттік реттеудің қолданыстағы құрылымына енгізілген мемлекеттік органдардың функцияларын зерделеу негізінде Жұмыс тобы мемлекеттік органдардың мазмұны жағынан ұқсас функцияларының тізбесін осы Әдістемеге 15-қосымшаға нысанына сәйкес мемлекеттік органдардың мазмұны жағынан ұқсас функцияларының тізбесін қалыптастырады.

58. Мазмұны жағынан ұқсас функциялардың түрін және кіші түрін айқындау мазмұны жағынан ұқсас функциялардың типологиясы осы Әдістемеге 16-қосымшаға нысанына сәйкес қолданылу аясы, іс-қимылы, нысаналы тобы және тікелей нәтижесі өлшемшарттарына сәйкестігін тексеру жолымен жүзеге асырылады.

59. Мазмұны жағынан ұқсас функциялардың түрі мен кіші түрін айқындау барысында Жұмыс тобы функциялардың аражігін ажырату үшін осы Әдістемеге 17-қосымшаға сәйкес схема бойынша мыналарды:

1) қайталанатын функцияларды - төрт өлшемшарт бойынша - қолданылу аясы, іс-қимылы, нысаналы тобы, тікелей нәтижесі бойынша сәйкес келетін мазмұны жағынан ұқсас функциялар түрін;

Мысалы:

№ 1 функция:

"Ел аумағына келетін шетелдік азаматтарды тіркеу және есепке алу" (көші-қон органдары);

№ 2 функция:

"Шетелдік жұмыс күшін тарту шеңберінде ел аумағына келетін шетелдік азаматтарды тіркеу және есепке алу" (жұмыспен қамту органдары);

Қолданылу аясы – көші-қон;

Іс-қимылы - тіркеу және есепке алу;

Нысаналы тобы - шетелдік азаматтар;

Тікелей нәтижесі - шетелдік азаматтарды есепке алу.

2) ұштасқан функцияларды – жоғарыда көрсетілген төрт өлшемшарттың кемінде үш өлшемшарты сәйкес келетін мазмұны жағынан ұқсас функциялар түрін:

сатылас ұштасқан функцияларды – мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлерінде іске асырылатын ұштасқан функциялардың (әртүрлі нысаналы топтары бар функциялар) кіші түрін атап көрсетеді.

Мысалы:

№ 1 функция:

"Республикалық маңызы бар объектілерге экологиялық сараптама жүргізу" (уәкілетті орган);

№ 2 функция:

"Жергілікті маңызы бар объектілерге экологиялық сараптама жүргізу" (жергілікті атқарушы орган);

Қолданылу аясы - экологиялық бақылау;

Іс-қимылы - экологиялық сараптама жүргізу;

Нысаналы тобы - 1) республикалық маңызы бар объектілер, 2) жергілікті маңызы бар объектілер;

Тікелей нәтижесі - сәйкестік келуі тұрғысынан бақылау.

Деңгейлес ұштасқан функциялар – мемлекеттік басқарудың бір деңгейінде іске асырылатын ұштасқан функциялардың кіші түрі (әр түрлі іс-әрекеттері бар функциялар).

Мысалы:

№ 1 функция:

"Әлеуметтік маңызы бар аурулардың профилактикасын жүргізу" (Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі);

№ 2 функция:

"Сотталған және қамаудағы адамдарды медициналық-санитариялық қамтамасыз етуді және оларды мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыру" (жазалауды орындау қызметі).

Қолданылу аясы – денсаулық сақтау;

Іс-қимылы - 1) профилактика жүргізу, 2) медициналық-санитариялық қамтамасыз ету және мәжбүрлеп емдеу;

Нысаналы тобы - азаматтар;

Тікелей нәтижесі - сырқаттанушылықты азайту.

60. Мемлекеттік органдардың мазмұны жағынан ұқсас функцияларының түрлері мен кіші түрлерін айқындауды ескере отырып Жұмыс тобы:

мемлекеттік органдарды көрсете отырып қайталанатын функциялардың;

сатылас ұштасқан және деңгейлес ұштасқан функцияларға бөле отырып және мемлекеттік органдарды көрсете отырып ұштасқан функциялардың тізбелерін қалыптастырады.

11-тарау. Мемлекеттік органдардың қайталанатын функцияларының аражігін ажырату

61. Мемлекеттік органдардың қайталанатын функцияларының аражігін ажырату қайталанатын функциялардың мемлекеттік органдардың мемлекеттік органдардың даму жоспарларының және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына сәйкестігі өлшемшарты негізінде жүзеге асырылады. Жұмыс тобы мемлекеттік функциялардың, мемлекеттік органдардың және аумақтарды дамыту бағдарламалары мақсаттарының мемлекеттік органның міндеттеріне сәйкестігі дәрежесін сараптамалық бағалауды жүзеге асырады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Сараптамалық салыстыру негізінде құзыретіне қайталанатын функцияны сақтау орынды болатын мемлекеттік орган айқындалады.

Одан кейін мемлекеттік органның құзыретінен алып тастауға ұсынылатын қайталанатын функциялар тізбесі бойынша ұсыныстар қалыптастырылады.

63. Мемлекеттік органдардың қайталанатын функцияларының аражігін ажырату нәтижелерін ұштасқан функциялардың аражігін ажырату нәтижелері осы Әдістемеге 18-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

12-тарау. Мемлекеттік органдардың сатылас ұштасқан функцияларының аражігін ажырату

64. Мемлекеттік органдардың сатылас ұштасқан функцияларының аражігін ажырату сатылас ұштасқан функцияларды іске асыру үшін ұштасқан функциялардың аражігін ажырату нәтижелері осы Әдістемеге 19-қосымшаға сәйкес схема бойынша мемлекеттік басқарудың оңтайлы деңгейін айқындауды білдіреді.

65. Мемлекеттік органдардың сатылас ұштасқан функцияларының аражігін ажыратуды Жұмыс тобы:

1) мемлекеттік органдар функцияларының аражігін қазіргі сатылас ажыратуды сақтаудың орындылығын бағалау алгоритмі негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар функцияларының аражігін сатылас ажыратуды сақтаудың орындылығы функцияларды іске асырудың олардың нысаналы топтарға жақындығын, салалар бойынша өзара іс-қимылын сараптамалық талдау негізінде айқындалады.

Егер функцияларды іске асыру сипаты (мазмұны, тағайындалуы) мен техникалық ерекшеліктері функцияларды іске асыру процесінің олардың нысаналы топтарына барабар жақындығын қамтамасыз ету үшін немесе ұлттық қауіпсіздікпен байланысты олардың түрлі мемлекеттік басқару деңгейлерінде мүлтіксіз орындалуын талап еткен жағдайда, жұмыс тобы мемлекеттік органдар функцияларының аражігін сатылас ажыратуды сақтауды ұсынады;

2) жергілікті атқарушы органдардың сатылас ұштасқан функцияларды іске асыруға дайындығын бағалау алгоритмі негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар функцияларының аражігін қазіргі сатылас ажыратуды сақтау орынды болмаған жағдайда, Жұмыс тобы сатылас ұштасқан функцияларды іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдардың әлеуетін, олардың кадр ресурстарының, қаржылық қамтамасыз етілуінің, ақпараттық ресурстарының, осыған ұқсас мемлекеттік функцияларды іске асыру тәжірибесінің жеткілікті болуын талдауды ескере отырып сараптамалық бағалауды жүзеге асырады.

Егер жергілікті атқарушы органдардың сатылас ұштасқан функцияларды іске асыруға дайын екендігі анықталған жағдайда, Жұмыс тобы мемлекеттік органдар функцияларының аражігін қазіргі сатылас ажыратуды жою ұсынады.

Егер жергілікті атқарушы органдардың сатылас ұштасқан функцияларды іске асыруға дайын еместігі анықталған жағдайда, жұмыс тобы мемлекеттік органдар функцияларының аражігін қазіргі сатылас ажыратуды сақтауды ұсынады және жергілікті атқарушы органдардың нысаналы топқа барынша жақындауы үшін сатылас ұштасқан функцияларды іске асыруға перспективада дайын болуын қамтамасыз ету бойынша шаралар әзірлейді.

66. Мемлекеттік органдардың сатылас ұштасқан функцияларының аражігін сараптамалық ажырату шеңберінде Жұмыс тобы:

1) мемлекеттік органның құзыретінен не мемлекеттік реттеудің қолданыстағы құрылымына енгізілген басқа мемлекеттік органдардың құзыретінен алып тастауға ұсынылатын сатылас ұштасқан функциялардың тізбесі;

2) сатылас ұштасқан функцияларды іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдардың әлеуетін арттыруға бағытталған шаралар бойынша ұсыныстарды қалыптастырады.

67. Мемлекеттік органдардың сатылас ұштасқан функцияларының аражігін ажырату нәтижелері осы Әдістемеге 18-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

13-тарау. Мемлекеттік органдардың деңгейлес ұштасқан функцияларының аражігін ажырату

68. Мемлекеттік органдардың деңгейлес ұштасқан функцияларының аражігін ажырату мемлекеттік функциялардың іске асырылуын ведомствоаралық үйлестіруді оңтайландыруды (жақсартуды) білдіреді.

69. Мемлекеттік органдардың деңгейлес ұштасқан функцияларының аражігін ажыратуды Жұмыс тобы:

1) мемлекеттік органдардың деңгейлес ұштасқан функцияларын іске асыру аясында түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін басты жауапкершілікте болатын мемлекеттік органды айқындау алгоритмі негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдардың деңгейлес ұштасқан функцияларын іске асыру аясында түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге басты жауапкершілікте болатын мемлекеттік органды Жұмыс тобы мемлекеттік органдардың тиісті кезеңге арналған мемлекеттік органдардың даму жоспарларының стратегиялық мақсаттары мен қызметінің түпкілікті нәтижелерін талдауды ескере отырып, сараптамалық түрде айқындайды;

2) мемлекеттік органдардың деңгейлес ұштасқан функцияларын іске асыру саласында түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге басты жауапкершілікте болатын мемлекеттік органға деңгейлес ұштасқан функцияларды ведомствоаралық үйлестіру және мемлекеттік органдардың деңгейлес ұштасқан функцияларын нақтылау бойынша қосымша функциялар жүктеу алгоритмі негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 69-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.04.2022 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Мемлекеттік органның деңгейлес ұштасқан функцияларының аражігін сараптамалық ажырату шеңберінде Жұмыс тобы:

1) мемлекеттік реттеудің қолданыстағы құрылымына енгізілген мемлекеттік органға және басқа мемлекеттік органдарға жүктелген деңгейлес ұштасқан функцияларды ведомствоаралық үйлестіру бойынша қосымша функциялар тізбесі;

2) мемлекеттік реттеудің қолданыстағы құрылымына енгізілген мемлекеттік органның және басқа мемлекеттік органдардың нақтыланған деңгейлес ұштасқан функцияларының тізбесі бойынша ұсыныстар қалыптастырады.

71. Мемлекеттік органдардың деңгейлес ұштасқан функцияларының аражігін ажырату нәтижелері осы Әдістемеге 18-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

14 - тарау. Функцияларды бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру (6 -кезең)

72. Мемлекеттік органның функцияларын бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру функцияларды бәсекелес ортаға беру осы Әдістемеге 20-қосымшаға сәйкес:

1-кезең: Бәсекелес ортаға беруге жататын мемлекеттік органдардың функцияларының алдын ала тізбесін, мемлекеттік органдардың функцияларын түгендеу қорытындылары бойынша қалыптастыру;

2-кезең: Мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін нарықтың дайын болуына талдау (бұдан әрі - НДТ) жүргізу немесе міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу үшін реттеуші әсерін талдау (бұдан әрі - РӨТ);

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлік субъектілерінің және олардың бірлестіктерінің мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру мәселесі бойынша, оның ішінде міндетті мүшелікке (қатысу) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу кезінде НДТ мен РӨТ жүргізу бойынша жұмысын үйлестіреді.

3-кезең: Мемлекеттік органдардың мемлекеттік функцияларын бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін Комиссияның қарауына бәсекелес ортаға немесе өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беруге ұсынылып отырған функциялар тізбесі бойынша уәкілетті органның қорытындысын дайындау;

4-кезең: Мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға нормативтік құқықтық бекіту кезеңдерін қамтиды.

15-тарау. Мемлекеттік органдардың бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беруге жататын функцияларының тізбесін қалыптастыру

73. Мемлекеттік органдардың бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беруге жататын функцияларының алдын ала тізбесін қалыптастыру үшін мемлекеттік органдар:

1) жыл сайын 30 мамырдан кешіктірмей функцияларға түгендеу жүргізеді;

2) жыл сайын 30 шілдеден кешіктірмей орталық уәкілетті органға функциялар паспорты осы Әдістемеге 21-қосымшаға нысанына сәйкес паспортында көрсетілген функцияларды түгендеу Шолуын ұсынады;

74. Мемлекеттік орган функцияларын түгендеу:

1) мемлекеттік орган функцияларының түрін (жіктемесін) айқындауға;

2) мемлекеттік орган функцияларының тікелей нәтижесін мемлекеттік сектордан тыс алушыларды анықтауға;

3) мемлекеттік органның функцияларын бәсекелес ортаға берудің орындылығын айқындауға негізделеді.

75. Түгендеу жүргізу кезінде функциялар Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 41-бабының 2-тармағына сәйкес стратегиялық, реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларына бөлінеді.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 20.01.2025 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Мемлекеттік органның функцияларын бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру тұрғысынан стратегиялық және бақылау-қадағалау функциялары қаралмайды.

Беру үшін қаралмайтын бақылау функцияларына:

ұлттық, ақпараттық қауіпсіздікті қорғауға бағытталған ережелеу;

көші-қон процестерін ережелеу;

капиталды әкету мәселесін ережелеу;

мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылауды ережелеу;

прокуратура жүзеге асыратын жоғары қадағалауды ережелеу;

қылмыстық іс жөнінде сотқа дейінгі сотта іс жүргізу барысындағы бақылау және қадағалауды ережелеу;

әділ сотты ережелеу;

жедел-іздістіру қызметін ережелеу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылауды ережелеу;

кейіннен саяси тәуекелі болатын өзге де бақылау функциялары жатады.

77. Мемлекеттік орган функциясының түрін айқындауды ескере отырып тікелей нәтижені алушылар белгіленеді.

78. Функцияны іске асыратын мемлекеттік орган іс-қимылдарының контрагенттері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік сектордан тыс функциялардың тікелей нәтижесін алушылар деп түсініледі.

79. Мемлекеттік органның функцияларын бәсекелес ортаға беру тұрғысынан одан әрі қарау процесінен мемлекеттік сектордан тыс тікелей нәтижені нақты алушы жоқ функциялар алып тасталады.

80. Стратегиялық, реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларын бөлгеннен кейін одан әрі функциялар қолданылу ұзақтығы мен ортақтылық дәрежесіне қарай уақытша (берілу тұрғысынан қаралмайды), негізгі және тән емес функциялар болып бөлінеді.

Бұл ретте алдымен реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларынан тұрақты функциялар топтастырылады.

Одан әрі реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларынан уақытша функциялар топтастырылады.

81. Әр функцияға осы Әдістемеге 21-қосымшаға нысанына сәйкес Паспорт толтырылады, онда мынадай сипаттамалар көрсетіледі:

1) Функцияны:

мемлекеттік органның дербес бөлімшесі (атауы/штаты/функцияны нақты орындаушылардың саны);

бірнеше бөлімшелермен бірлесіп (атаулары/бөлімшелердің саны/штаты/функцияны нақты орындаушылардың саны / еркін нысанда қатысу дәрежесі);

аумақтық органдармен бірлесіп (атауы/аумақтық органдардың саны/штаты/функцияны нақты орындаушылардың жалпы саны/еркін нысанда қатысу дәрежесі);

мемлекеттік органның ведомствосы (атауы/басқарманың атауы/ штаты/ функцияны нақты орындаушылардың саны);

ведомстволық бағыныстағы ұйымдар: мемлекеттік мекемелер, республикалық мемлекеттік кәсіпорындар, республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер: (атауы/мемлекеттік қатысу үлесі/штаты/функцияны нақты орындаушылардың саны) орындайды. Қосымша ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінен сұралады;

бәсекелес орта (атауы/ беру әдісі/ штаты /функцияларды нақты орындаушылардың саны) орындайды;

2) қаржыландыру көздері:

республикалық бюджет;

жергілікті бюджет;

қызмет алушылардың есебінен (көрсетілетін қызметтің құнын көрсету)

өзге де қаржыландыру көздері (нақты қандай көздер екенін көрсету керек) көрсетіледі.

Егер функцияны ведомстволық бағыныстағы ұйымдар немесе бәсекелес орта орындаса, онда:

ұйымның қызметін жылдық қаржыландыру;

бәсекелес ортадан көрсетілетін қызметтерді бір жылда сатып алу құны көрсетіледі;

3) функцияны тұтынушы:

жоқ;

мемлекет (мемлекеттік органның, құрылымдық бөлімшенің, ведомствоның, ведомстволық бағыныстағы ұйымның атауы және саны көрсетіледі);

кәсіпкерлік қызметке қатысы жоқ азаматтар (аумақтық қамту, жасы, әлеуметтік мәртебесі көрсетіледі);

кәсіпкерлік қызметке қатысы жоқ ұйымдар (ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетіледі);

кәсіпкерлік субъектілері (ұйымдық-құқықтық нысан және аумақтық қамту, экономикалық қызметтің түрі көрсетіледі);

4) функцияның сипаттамасы (функцияларды іске асыру үшін қажетті іс-шаралардың қысқаша, кезең-кезеңмен сипаттамасы). Егер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісімен функцияның іске асырылу тәртібі регламенттелген болса, онда оның атауы қосымша көрсетіледі.

5) функцияларды тұтынушыларды бақылауды жүзеге асыру:
жоқ;

талап етеді (бақылау функциясының атауы/ бақылау субъектісі/ бақылаудың түрі (тексеру түрі немесе өзге де бақылау нысандары)/ жауапкершіліктің түрі (тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық) көрсетіледі);

б) егер функция мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылса:
тұтынушы үшін көрсетілетін қызметтің құны;

реттелетін қызметтің немесе іс-қимылдардың (операциялардың) қауіптілік деңгейіне байланысты көрсетілетін қызметтің түрі (лицензия/ рұқсат/ хабарлама);
қызмет көрсетудің нысаны (электронды, қағаз түрінде, аралас);
тұтынушы үшін қызмет көрсетудің мерзімі.

қызмет көрсететін ұйымның атауы.

7) іске асыру функциясын бағалау индикаторлары (еркін нысанда мақсаттары мен міндеттері сипатталады);

8) функцияны берудің ұсынылып отырған тәсілі:
берілмейді (себебі жазылады);

аутсорсинг (конкурстық негізде орындаушылармен келісімшарттар жасасу арқылы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етумен байланысты емес мемлекеттік органдардың мемлекеттік функциялардың нақты түрлерін іске асыру бойынша өкілеттіктерін бәсекелес ортаға беру);

мемлекеттік тапсырма (заңды тұлғаларға жекелеген мемлекеттік қызметтер көрсетуге, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да міндеттерді орындауға тапсырыс беру);

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс (бюджет қаражаты есебінен үкіметтік емес ұйымдар орындайтын, әлеуметтік саладағы міндеттерді шешуге бағытталған әлеуметтік жобаларды, әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру нысаны);

қызметті алушылардың есебінен (функцияны мемлекеттік қаржыландырусыз беру);

міндетті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттеу (жеке және заңды тұлғалардың өзін-өзі реттейтін ұйымның қағидалары мен стандарттарын бекітуге, олардың

сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ өзін-өзі реттеу субъектілерінің мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз етуге негізделген, кәсіпкерлік немесе кәсіби қызметті өз бетінше реттеулері өздері жүзеге асыратын);

82. Мемлекеттік органдардың бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беруге ұсынылып отырған функцияларын түгендеу жөніндегі Сараптамалық топ қалыптастырған, бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру тұрғысынан НДТ немесе РӘТ жүргізуге жататын мемлекеттік орган функцияларының тізбесін жасау функцияларға түгендеу жүргізу қорытындысы болып табылады.

Сарапшылар тобының басшысы немесе басшының орынбасары бекіткен Жоспарға сәйкес мемлекеттік органдардың түгендеу есептерін тыңдау жүзеге асырылады.

16-тарау. Мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беруге нарықтың дайындығына талдау жүргізу

83. Алдын ала тізбе мемлекеттік органдар функцияларын іске асыру бойынша бастамашыны тарту мақсатында уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ресми интернет-ресурсында жыл сайын 30 шілдеден кешіктірмей жариялануға тиіс. Жариялау мерзімі - күнтізбелік 30 күн.

84. Мемлекеттік органдардың НДТ немесе РӘТ жүргізу үшін ұсынылатын функциялары тізбесінде мынадай ақпарат көрсетіледі:

мемлекеттік орган функциясының немесе олардың тобының атауы;
беру тәсілі және қажетті іс-шаралар;
жауапты тұлғалары мен мерзімдері.

Қажет болған жағдайда, функциялар Паспорты орналастырылады.

85. Мемлекеттік органның функцияларын іске асыру үшін бастамашы болған жағдайда, қолда бар барлық қолжетімді ақпаратты пайдалана отырып мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру мақсатында мемлекеттік функцияларды қайта қарау кезінде, сондай-ақ, консультациялар барысында алынған әртүрлі пікірлер, таңдап алынған баламалардың шығасылары мен пайдаларын талдау ескеріле отырып, НДТ - айқындау рәсімді және балама нұсқаны бағалау жүргізіледі.

Бастамашы талдамалық нысанды нарықтың дайындығын талдау нәтижелері бойынша талдамалық нысанды осы Әдістемеге 22-қосымшаға сәйкес толтырады.

86. Мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру жөніндегі НДТ-ге мынадай тәсілдермен:

- 1) аутсорсинг;
- 2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс;
- 3) мемлекеттік тапсырма;

4) қызмет алушылардың есебінен берілетін мемлекеттік функциялар жатады.

Мемлекеттік функциялар міндетті өзін-өзі реттеуді енгізу арқылы бәсекелес ортаға берілген жағдайда, РӘТ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 748 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13309 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Реттегіш құралдардың реттеушілік әсерін талдауды жүргізу және пайдалану қағидаларын сәйкес РӘТ жүргізіледі.

87. Мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру жөніндегі НДТ-ні осы Әдістеменің 86-тармағында көзделген Ұлттық экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ресми сайттарында жарияланған берілетін функцияларға қатысты бастамашы жүргізеді.

Мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру жөніндегі НДТ-ні жүргізу үшін салалық мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, кәсіпкерлік субъектілерінің және кәсіптік қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

88. Мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру жөніндегі НДТ нәтижелері, сондай-ақ функцияларды бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру мәселелері бойынша басқа да ұсыныстар мен ұсынымдар Комиссияның қарауына шығарылады.

Сарапшылар тобының басшысы немесе оның орынбасары бекітілген Жоспарға сәйкес Сараптамалық топ НДТ жобаларын алдын ала қарайды.

89. НДТ мынадай дәйекті іс-қимыл орындау арқылы жүргізіледі:

1) бастамашы осы Әдістемеге 22-қосымшаға сәйкес нарықтың дайын болуына талдау нәтижесі бойынша талдамалық нысанды толтырып, қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қоғамдық тыңдаулардың нәтижелері бойынша талдамалық нысанның жобасы пысықталады.

2) Мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру жөніндегі НДТ жобасы, сондай-ақ функцияларды бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша басқа да ұсынымдар мен ұсыныстар сараптамалық топтың жүргізілуіне бастамашылық жасау үшін уәкілетті органға жіберіледі.

3) Сараптамалық топ 10 жұмыс күні ішінде рәсімді сақтау тұрғысынан талдамалық нысан жобасын қарайды және:

Нарықтың дайындығын талдау рәсімдері сақталса, оң қорытынды;

Нарықтың дайындығын талдау рәсімі сақталмаған жағдайда, теріс қорытынды;

4) оң қорытынды болған жағдайда, Сараптамалық топ НДТ нәтижелерін Комиссияның қарауына шығару мүмкіндігі туралы уәкілетті органға хабарлайды.

Бастамашы жүргізген нарықтың дайындығын талдау қорытындыларымен келіспеген жағдайда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық

кәсіпкерлер палатасы және өзге де мүдделі тараптар талдамалық нысанды толтыру арқылы баламалы НДТ жүргізеді.

5) бастамашының талдамалық нысаны және НДТ баламалы талдамалық нысандары Сараптамалық топта қаралады.

6) функцияларды бәсекелес ортаға беру туралы шешімді Комиссия мақұлдаған жағдайда ұсынылып отырған саладағы саясатты жүзеге асыруға уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісінің жобасын әзірлейді.

90. НДТ жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

сайтта форум режимінде интернет желісі арқылы онлайн талқылау;
дөңгелек үстелдер, конференциялар, кеңестер арқылы жұртшылық өкілдерімен және мүдделі тұлғалармен жария түрде талқылау.

91. Қоғамдық тыңдауларды өткізу үшін бастамашы олар өткізілгенге дейін кемінде бес жұмыс күнінде өткізілетін орны, тәсілі және уақыты туралы:

өз ресми сайтында хабарландыру беру арқылы мүдделі тұлғаларға;
уәкілетті органға, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасына - жазбаша түрде;

бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз - релиздері арқылы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар жария түрде талқылау тәсілімен белгіленген уақытта өтеді және олардың нәтижелерін бастамашының лауазымды тұлғасы хаттамалайды.

92. Реттеуші мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қарауы бойынша мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелерін талқылау немесе түсіндіру мақсатында өзге де іс-шаралар жүргізілуі мүмкін.

93. НДТ нәтижелері бастамашының және уәкілетті органның, жалпыға бірдей қолжетімді интернет-ресурстарында, ал егер беру мәселесі кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын болса, онда Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сайтында да орналастырылуы қажет.

17-тарау. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік функцияларын бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін Комиссияның қарауына шығару

94. НДТ және РӘТ қорытындылары бойынша Сараптамалық топ Мемлекеттік функцияларды тізілімін және мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелес ортаға немесе өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру мәселесін Комиссиясының қарауына шығару мүмкіндігі/мүмкін еместігі жөніндегі қорытындысын жасайды.

95. Тізілімді қалыптастыру алдында Сараптамалық топтың бастамашыларды НДТ немесе РӘТ жүргізу объектісі функциялары болған мемлекеттік органның қатысуымен НДТ немесе РӘТ талдау жүргізу қорытындылары туралы тыңдау рәсімі.

96. Қорытындыда мынадай ақпарат көрсетіледі
мемлекеттік органның бәсекелес ортаға беруге ұсынылып отырған функциясының атауы;

қандай мемлекеттік орган функцияны іске асырады;

функцияны бәсекелес ортаға немесе өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру мәселесінің мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы тұжырым;

мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру бойынша ұсынылып отырған тәсіл.

Қорытындыға Бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беруге ұсынылып отырған мемлекеттік функциялардың тізілімі; НДТ және РӘТ талдамалық нысандары; анықтамалар; функциялардың Паспорты; мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелес ортаның немесе өзін-өзі реттейтін ұйымдардың іске асыру тетігін көрсететін слайдтар; және өзге де талдамалық материалдар қоса беріледі.

97. Комиссия НДТ және РӘТ нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша мемлекеттік органдарға мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелес ортаға немесе өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру мүмкіндігі/мүмкін еместігі бойынша ұсынымдар шығарады.

Комиссия отырысында мақұлданған бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беруге жататын мемлекеттік функциялардың тізілімі уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сайтында жарияланады.

98. Комиссияның ұсынымдары негізінде мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, мемлекеттік органдардың функцияларын бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлейді.

18-тарау. Мемлекеттік орган қызметкерлерінің орташа нормативтік санын есептеу (7-саты)

99. Мемлекеттік органда хронометраждық жұмыстарды жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуелсіз сарапшы тарту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

100. Функционалдық шолу жүргізілетін мемлекеттік орган үшін хронометраждық жұмыстарды жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды іріктеуді уәкілетті орган жүргізеді.

101. Мемлекеттік органдарда тиімді ұйымдық құрылым құру және бизнес - процестерді оңтайландыру мақсатында осы хронометраж "Жалпы ережелер" деген 1-тарауда тізбеленген жағдайларда жүргізіледі.

102. Мемлекеттік орган қызметкерлерінің орташа нормативтік санын айқындау барысында мемлекеттік аппараттың жұмысында жасырын шығындардың пайыздарын (кездесу және ілесіп жүру, кіріс корреспонденцияны қарау, қоңырау шалулар және өзге де шаралар мен кеңестердің шығындары) пайдалану қажет.

103. Хронометраждық жұмыстарды жүргізу барысында жұмыс күнінің өзіндік келбетін жасау картасы мен орындалатын жұмыстар хронометражы осы Әдістемеге 23 және 24-қосымшаларға нысанына сәйкес кесте толтырылады.

104. Орындайтын жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеу еңбек сыйымдылығы нормативінің ең төменгі мәнін не осы параметрдің ең жоғарғы мәнін пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

105. Жұмыстың еңбек сыйымдылығын бағалау кезінде, осы Әдістемеге 25-қосымшаға нысанына сәйкес жасалған үлгілік жұмыстар тізбесінен үлгілік жұмыс таңдалады және одан кейін оның еңбек сыйымдылығының мәні оны орындаудың еселігі (кезеңділігі) ескеріле отырып, сондай-ақ мынадай түзету коэффициенттеріне сәйкес түзетіледі:

кездесулер мен ілесіп жүрулер шығындары - 18,2%

кіріс хаттарды қарау шығындары - 21,2%

қоңырау шалу және өзге де шаралар шығындары - 12%

кездесулер шығындары - 1%

Бұл ретте, шығындар коэффициентінің жалпы мәні оның орташа мәніне тең - 1,52%.

106. Тәуелсіз сарапшының мемлекеттік басқарудың орталық (ведомстволар, аумақтық бөлімшелер) және жергілікті деңгейлерінде хронометраждық жұмыстар жүргізуі жергілікті атқарушы органдардың штат санын айқындаудың:

1) әкімшілік-аумақтық бөлу;

2) халықтың тығыздығы;

3) аудандардың, округтердің және ауылдық елді мекендердің арасындағы қашықтық, облыс және аудан орталықтарынан шалғайлығы;

4) елді мекендердің саны және олардың орналасу тығыздығы;

5) өңірдегі халықтың саны;

б) өңірдің салалық ерекшелігі (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және тағыда сол сияқты объектілер саны) өлшемшарттары ескеріле отырып әрбір қызметкердің функционалдық жүктемесін көрсетуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте, оңтайлы штат санын айқындаған кезде хронометраждық жұмыстарды қолданбай жоғарыда көрсетілген өлшемшарттарды біржақты тікелей қолдану шындыққа сәйкес келмейді.

№1 мысал: аумақтық орналасу:

Ақтөбе облысында халық саны 800,0 мың адамды құрайды, алып жатқан аумағы 300,6 мың шаршы км құрайды. Шалқар ауданының облыс орталығы - Ақтөбе қаласынан арақашықтығы 600 км құрайды, ал Мұғалжар ауданының облыс орталығынан арақашықтығы 93 км құрайды. Облыстық

деңгейдегі мемлекеттік қызметшіге қызметтік қажеттік мақсатында Шалқар ауданына бару үшін 8 сағат уақыт жұмсалады, ал жоғарыда көрсетілген сапарларға жұмсалған уақыт та ескеріледі.

Яғни, бұл жағдайда, аумақтық орналасумен байланысты уақытты ұлғайту есебінен жұмыс түрінің еңбек сыйымдылығы нормативі ұлғаяды.

№2 мысал: халықтың тығыздығы (халық санын, елді мекендердің санын ескере отырып).

Ақтөбе облысы халқының саны 800,0 мың адамды құрайды. Облысқа 12 әкімшілік аудан, 8 қала, 4 қала үлгісіндегі кент кіреді. Өңірде өнеркәсіп дамыған, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына негізінен мұнай салаларының дамуы әсер етеді. Алып жатырған аумағы 300,6 мың шаршы километрді құрайды. Халықтың тығыздығы 2,70 адам/км құрайды.

Қызылорда облысы халқының саны 712,0 мың адамды құрайды. Облысқа 7 әкімшілік аудан, 2 қала, 1 қала үлгісіндегі кент кіреді. Өңірде негізінен ауыл шаруашылығы, күріш өсіру дамыған. Алып жатырған аумағы 226,0 мың шаршы км құрайды. Халықтың тығыздығы 3,15 адам/км құрайды.

Бұл ретте, мемлекеттік қызметшінің жүктемесі халықтың тығыздығына, елді мекендердің аудан және облыс орталықтарынан қашықтығына, өтініштер санына, яғни өңір халқының белсенділігіне байланысты, ол да хронометражда ескеріледі (елдің әртүрлі өңірлерінде белсенділіктің әртүрлі дәрежесі байқалады, осыған байланысты штат санын осы көрсеткішке тікелей байланысты бөлу объективтілікті қамтамасыз етпейді).

№3 мысал: өңірдің салалық бағыты

Павлодар облысының аумағында көп салалы индустриялық кешен қалыптасқан. Өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін экспортқа бағдарланған ірі өнеркәсіптік компаниялар айқындайды. Олар көмір, электр және жылу энергиясын, саз балшық, феррокорытпа шығарады. Облыстың үлесіне Республиканың өнеркәсіптік өндірісінің 7%-ға жуығы, республикалық көмір

өндірудің 70%-ға жуығы, республикалық ферроқорытпа өндірудің $\frac{3}{4}$, республикалық электр энергиясы мен мұнай өнімдерін өндірудің 40%-ға жуығы тиесілі. Облыста 5 мыңға жуық әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар белсенді жұмыс істейді.

Оңтүстік Қазақстан облысы мақта, қаракөл, тері шикізаты, өсімдік майы, жемістер, көкөніс, жүзім, бақша, кондитер, макарон, темекі бұйымдары, алкогольсіз сыра өнімдерінің ірі өндірушісі және жеткізушісі болып табылады. Облыста қорғасын, цемент, сары фосфор, мұнай өнімдері, күкірт қышқылы, шифер, автотрактор шиналары, экскаваторлар, күш трансформаторлары, маймен жұмыс істейтін ажыратқыштар, мақта-матадан жасалған маталар, шұлық-ұйық, тігін бұйымдары, жиһаз өндіріледі.

Осыған байланысты, жүргізілетін хронометраж шеңберінде тиісті басқармалардың жүктемесі анықталады, ол басқармалар арасында штат санын объективті түрде бөлуге мүмкіндік береді.

107. Әрбір құрылымдық бөлімше орындайтын және кезеңдегі құрылымдық бөлімшелердің стандартты функцияларды орындауының еңбек сыйымдылығы нормативтері осы Әдістемеге 25-қосымшаға нысанына сәйкес құрылымдық бөлімшелердің стандартты функцияларды орындауының еңбек сыйымдылығы нормативтеріне сәйкес келтірілген жұмыс түрлері бойынша еңбек сыйымдылығының ең төменгі (ең жоғарғы) нормативтерінің адам-сағаттармен есептегендегі мәндері түзету коэффициенттерін ескере отырып көрсетілген бөлімшелерде бір жұмысты орындаудың ең төменгі (ең жоғарғы) еңбек сыйымдылығын құрайды; ол мына формула бойынша адам-сағаттармен есептеледі:

$$T_{(min/max)} = (T_n (min/max) * K_n);$$

мұнда,

$T_{(min/max)}$ - оның еселілігін/кезеңділігін және құжатты қайтаруды ескере отырып бір жұмыс түрінің, еңбек сыйымдылығы нормативінің ең төменгі немесе ең жоғарғы мәні, адам/сағатпен;

$T_n (min/max)$ - бір жұмыс түрінің еңбек сыйымдылығының нақты нормативі, а/сағатпен;

K_n - бір жұмыс түрінің қайталану еселілігі/кезеңділігі.

108. Әрбір құрылымдық бөлімше орындайтын және осы Әдістемеге 25-қосымшаға нысанына сәйкес келтірілген барлық жұмыстар бойынша еңбек сыйымдылығы нормативтерінің адам-сағаттармен есептегендегі ең төменгі (ең жоғарғы) жиынтық мәндері түзету коэффициенттерін ескере отырып көрсетілген

бөлімшенің өкілеттіктерді орындауының жалпы ең төменгі (ең жоғарғы) еңбек сыйымдылығын құрайды, ол мынадай формула бойынша адам–сағаттармен есептеледі:

$$T_{\text{общ. (min/max)}} = (T_{m1}(\text{min/max}) + T_{m2}(\text{min/max}) + T_{m3}(\text{min/max}) + \dots + T_{mn}(\text{min/max})) * 1,52;$$

109. Жалпы қолжетімді/қол жетпейтін штат бірліктерінің саны адам/сағаттармен немесе формула бойынша жалпы бекітілген адам/сағаттар санынан еңбек сыйымдылығы нормативінің жиынтық мәнінің айырмашылығын қаралып отырған кезеңдегі жалпы жұмыс уақытына бөлу жолымен есептеледі:

$$L = R/T,$$

мұнда,

L - штат бірліктерінің жалпы қолжетімді/қол жетпейтін саны;

R - бекітілген адам/сағаттардың жалпы санынан еңбек сыйымдылығы нормативінің жиынтық мәнінің айырмашылығы;

T - қаралып отырған кезеңдегі жалпы жұмыс уақыты, адам/сағаттармен.

110. Нәтижесінде көрсетілген жұмыс түрлерін орындау үшін оңтайлы штат саны қаралып отырған құрылымдық бөлімшенің бекітілген штат саны лимиті мен жалпы қолжетімді/қол жетпейтін штат бірліктері санының арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

111. Бұл ретте, егер оның мәні теріс белгімен болса - бұл осы бөлімшеде штат санының қосымша резервтерінің бар екендігін, оң белгімен болса - керісінше, қосымша штат санының бөлінуіне қажеттіліктің бар екендігін айғақтайды.

112. Функционалдық талдау нәтижесі және хронометраждық жұмыстар жүргізу мемлекеттік органның басшысына мемлекеттік органның тиімділігіне әсер ететін мемлекеттік орган қызметкерлері жұмысының тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында сапаны жақсарту және бизнес-процестерді жаңғырту бойынша тиісті шаралар қолдануға мүмкіндік береді.

19-тарау. Мемлекеттік орган үшін ұсынымдар дайындау (8-саты)

113. Жүргізілген функционалдық шолуды ескере отырып мемлекеттік орган үшін ұсынымдар дайындау осы Әдістемеге нысаны бойынша 26-қосымшаға сәйкес Жұмыс тобы:

1) мемлекеттік органның құзыретінен алып тастауға ұсынылатын, талап етілмейтін, мемлекеттік орган нақты іске асырмайтын функциялардың, сондай-ақ мемлекеттік органның талап етілетін функцияларының тізбесі;

2) мемлекеттік орган нақты іске асыратын функцияларды құқықтық регламенттеу;

3) мемлекеттік органның функциялары оның міндеттеріне жатқызылған құзыретін пысықтау (сәйкестікке келтіру);

4) мемлекеттік органның құзыретінен алып тастауға ұсынылатын қайталанатын функциялар тізбесі;

5) мемлекеттік реттеудің қолданыстағы құрылымына енгізілген басқа мемлекеттік органдардың құзыретінен алып тастауға ұсынылатын қайталанатын функциялар тізбесі;

6) мемлекеттік органның құзыретінен алып тастауға ұсынылатын сатылас ұштасқан функциялар тізбесі;

7) мемлекеттік органның құзыретінен алып тастауға ұсынылатын деңгейлес ұштасқан функциялар тізбесі;

8) сатылас ұштасқан функцияларды іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдардың әлеуетін арттыруға бағытталған шаралар;

9) мемлекеттік органның НДТ немесе РӘТ жүргізу үшін ұсынылатын функцияларын осы Әдістеменің 14-17-тарауында айқындалған бәсекелес ортаға немесе өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру тұрғысынан алғандағы функциялардың тізбесі.

10) мемлекеттік органның оңтайлы штат саны бойынша ұсыныстар дайындайды.

114. Жұмыс тобы осы Әдістеменің 114-тармағында көрсетілген тізбелер негізінде, заңнамалық актілер мен зерттеліп отырған мемлекеттік орган, оның ведомстволары, аумақтық органдары туралы ережелерде регламенттеу үшін ұсынылатын мемлекеттік орган функцияларының тізбесін дайындайды.

115. Осы Әдістемеге сәйкес жүргізілген мемлекеттік органдардың қызметіне функционалдық шолулар негізінде алынған нәтижелер ұсынымдық сипатқа ие болады.


116. Орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы органдар жүргізілген функционалдық шолудың қорытындыларын:

1) уәкілетті органға келісу үшін жібереді, ол өз кезегінде, функционалдық шолу бойынша түскен материалдарға тексеру жүргізеді;

2) уәкілетті орган шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсыныс (өз тұжырымдары, талдау және ұсынымдар ескеріле отырып) жібереді.

Мемлекеттік органдардың
қызметіне салалық
(ведомстволық)
функционалдық шолу жүргізу
жөніндегі әдістемесіне
1-қосымша

Мемлекеттік орган қызметіне функционалдық шолу



Мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу жүргізу жөніндегі әдістемесіне 2-қосымша

Функционалдық шолу жүргізу үшін жұмыс тобын құру және жұмыс тобының төрағасын тағайындау



Мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолу жүргізу жөніндегі әдістемесіне 3-қосымша

Хронометраждық жұмыстар жүргізу бойынша тәуелсіз салалық сарапшыға арналған біліктілік талаптар

№	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды	Құжаттар
1.	Жоғары білім	Білімі мен жұмыс өтілі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны
2.	Клиенттерге қызметтер көрсетудің бекітілген регламенті	Клиенттерге қызмет көрсету регламентін және қызметтер көрсету регламентінің өзін бекіту туралы бұйрық жөніндегі ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны
		- Хронометраждық жұмыстар жүргізу бойынша қызметтер

3.	Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау жұмыстарын ұйымдастыру	көрсету туралы шарт жөніндегі ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;
4.	Практикалық қолдану	Сертификаттың, куәліктің және тағы басқаларының болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны.

1. Тәуелсіз салалық сарапшы туралы мәліметтер

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

_____;

Жоғары білімі:

Диплом нөмірі _____;

Диплом берілген күні _____;

Диплом берілген орны _____;

Диплом берілген оқу орнының атауы _____;

Жұмыс орны _____

_____;

Жұмыс кезеңі _____


_____;

Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі мен күні, лауазымы _____

_____.


Мемлекеттік органдардың
қызметіне салалық
(ведомстволық)
функционалдық шолу жүргізу
жөніндегі әдістемесіне
4-қосымша

Мемлекеттік басқарудың тиісті аясында (саласында) мемлекеттік реттеудің қолданыстағы құрылымын айқындау



